

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым
ЕҚЫҰ-ның Алматыдағы Орталығы
17 тамыз 2006 ж.

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЕЫҚҰ (ОБСЕ) Орталықтары қазақстандық және қырғызстандық журналистерді еңбек миграция сұрақтары бойынша оқытуға атсалысуда

АЛМАТЫ, 2006 жылы тамыздың 17-і – еңбек миграциясын БАҚ-да көрсетілу мәселелері бойынша қазақстандық және қырғызстандық журналистерге арналған үш күндік семинар бүгін Алматыда өз жұмысын бастады.

Алматыдағы және Бишкектегі ЕЫҚҰ Орталықтарымен және «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығымен ұйымдастырылған үш күндік семинар 20 қатысушының басын қосты.

«Қазақстан мен Қырғызстан – кешегісі ортақ және мәдениеті ұқсас көршілер болғандықтан, олардың арасында мигранттар алмасуы белсенді жүріп жатыр», – деді Алматыдағы ЕЫҚҰ Орталығының Басшысы, Елші Ивар Викки. – «Миграция экономикалық және әлеуметтік дамуда жағымды рөл атқаратын кең таралған феномен болғанмен, ол көбінесе қате баяндалады және теріс қабылданады. Ескі қатып қалған түсініктер мен стереотиптерді жеңу қажет және осы процесте журналистер басты рөл атқара алады».

Семинар қатысушылары Қырғызстаннан Қазақстанға заңды және заңсыз еңбек миграциясын, миграциялық тасқынды реттейтін заңнаманы, және осы мәселелерді БАҚ-да көрсету жолдарын талқылайды.

Миграция мәселелері жөніндегі екі елдің мамандары мен халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері дәрістер топтамасын оқиды. Олардың біреуі қазіргі кезде жүргізіліп жатқан зерттеу жайында болмақ, бұл зерттеуді Қазақстанды миграция саясатын жүзеге асыруды қолдау мақсатында демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі ЕЫҚҰ Бюросы өткізуде.

Қазақстанның ішкі істер Министрлігінің деректеріне сәйкес, жақында қабылданған ТМД елдеріндегі заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру туралы заңға сәйкес өз дәрежесін заңдастыру өтінішін тапсырған тұлғалардың 11 пайызы Қырғызстаннан келген. Министрлік осы жылдың аяғына дейін созылатын акция аясында әлі 100 000-ға тарта еңбек мигранттары заңдастырылмақ деп болжауда.

Дәрістерді халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес сектордың мамандары, сонымен бірге екі елдің мемлекеттік агенттіктерінің өкілдері оқиды.

ЕҚЫҰ-ның Алматыдағы Орталығы

Төле би 67-үй, Алматы 050000
Қазақстан Республикасы
Тел: +7 /3272/ 793762, 793686
Факс: +7 3272 794388
e-mail: Almaty-KZ@osce.org

Астанадағы байланыс жөніндегі офис

Бөкейхан көшесі, 38-үй, Астана
Қазақстан Республикасы
Тел: +7 3172 326804
Факс: +7 3172 328304
Web: www.osce.org/almaty

